

«АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ  
ДАМУЫ ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ  
ГАРМОНИЧНОГО РАЗВИТИЯ  
ЧЕЛОВЕКА»

БҰЙРЫҚ

*Алла Мамбет Рамакулы*

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ *79-н/к*

город Алматы


**«Адамның үйлесімді дамуы  
ұлттық институты» КЕ АҚ-ның  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
саясатын бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 16-бабының 3-тармағына, сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 3 мамырдағы №178 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕ АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау комплаенс-офицер Е. Манаповқа жүктелсін.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.


Президент

*Е. Сакенова*  
**Е. Сакенова**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.1 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

«Адамның үйлесімді дамуы  
Ұлттық институты» КЕАҚ  
Президенті Е.Н.Сакенованың  
2022 ж "10" "06"  
№49-н/б бұйрығымен  
**БЕКІТІЛДІ**

**"Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты"  
коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
САЯСАТЫ**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.2 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

## 1. Құжаттың жалпы ережелері мен мақсаты

1. Осы «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – тиісінше *Қоғам* және *Саясат*) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат мыналарды белгілейді:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;
- 3) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және оны орындау бойынша міндеттемелерді;
- 4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін;
- 5) осы саясатты ұстану бойынша жауапкершілікті.

3. Осы саясаттың негізгі мақсаты *Қоғамда* комплаенс мәдениетін қалыптастыру, *Қоғамның* және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарына бейілділігі, іскерлік беделді нығайту және Қоғамға деген сенімді арттыру болып табылады.

## 2. Қолдану аясы

4. *Қоғамның* барлық қауымдасқан, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлер осы *Саясатпен* танысуы және мүлтіксіз орындауы міндетті болып табылады.


5. Осы *Саясат* *Қоғамның* корпоративтік веб-сайтында орналастырылуы қажет.

## 3. Терминдер мен анықтамалар


6. Осы саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) *ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы* - "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;
- 2) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг* - *Қоғамның* сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шараларының тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі іс-әрекеті;
- 3) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар* - *Қоғам* Президентінің міндетін атқарушының "АҮДҰИ" КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту» 09.06.2021 №60 бұйрығымен бекітілген, , *Қоғам* қызметінің жекелеген саласына арналған ұсынымдар жүйесі, *Қоғам* қызметінің жекелеген саласы үшін арналған ішкі құжат;
- 4) *қауымдасқан тұлғалар* - Директорлар кеңесінің, *Қоғам* Басқармасының мүшелері, *Қоғам* Президенті және қоғам үшін қызмет көрсететін немесе оның атынан әрекет ететін өзге де тұлғалар;



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.3 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы СЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

- 5) *сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау* - Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі іс-әрекеті;
- 6) *Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адам (бұдан әрі – қоғамның лауазымды тұлғасы)* - Қоғамда тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлға;
- 7) *"АҮДҰИ" КЕАҚ қызметтік әдеп қағидалары* - Қоғамның корпоративтік мәдениетін дамытуға және беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, негізгі қағидаттар мен мінез-құлық стандарттарын белгілейтін қоғамның ішкі құжаты;
- 8) *мүдделер қақтығысы* - лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;
- 9) *сыбайлас жемқорлық* - Қоғамның лауазымды тұлғаларының өз лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы;
- 10) *сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы* – бұл үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 11) *сыбайлас жемқорлық тәуекелі* - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 12) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл* - Қоғамның өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі іс-әрекеті;
- 13) *сыбайлас жемқорлықтың алдын алу* - Қоғамның алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі іс-әрекеті;
- 14) *жұмыскерлер* – Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлғалар;
- 15) *кандидаттар* - Қоғамда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындаумен байланысты лауазымға орналасуға үміткерлер болып табылатын тұлғалар;
- 16) *жақын туыстар* - ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата, әже, немерелер;

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.4 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

17) *жесқжаттар* - жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары;

18) *лауазымды тұлғаның отбасы мүшелері* – жұбайы (зайыбы), ата-анасы, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және онымен тұрақты бірге тұратын адамдар.

7. Осы *Саясатта* қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар ҚР заңнамасында, Қоғамның Жарғысы және өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

#### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер**

8. *Қоғамдағы* сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

9. Осы Саясат қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Қоғамның қауымдасқан, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының *Қоғамға* және оның қауымдастарына, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне қатысты қолданылуы мүмкін негізгі талаптарын жалпылау және түсіндіру;

3) *Қоғамның* қауымдастырылған, лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы *Саясаттың* қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және алдын алу бойынша барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;


4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды әзірлеу және енгізу.

#### **5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**


10. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) *сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік* - Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты *Қоғамның* сол немесе өзге елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан, *Қоғамның* атынан немесе оның мүддесінде тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы әрекет ететін қауымдасқан, лауазымды тұлғалары мен *Қоғам* жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.5 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

- 2) жоғары басшылықтың бейілділігі және "жоғарыдан реңк" белгілеу - Қоғамның Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Қоғамның Директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ымырасыз қарым-қатынасы туралы мәлімдеуге, осы қағидатты жеке үлгісімен көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс;
- 3) қызметкерлерді тарту - Қоғам өз лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;
- 4) жазаның бұлтартпастығы – Қоғам өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, Қоғам жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған жағдайда оларға жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;
- 5) Осы саясаттың заңдылығы мен ҚР қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі - Қоғам ҚР және қызметін жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;
- 6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің мөлшерлес болуы - Қоғам қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мөлшерлес, Қоғамды, оның қауымдасқан, лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне тартылу ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі - Қоғам рәсімдерді іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтиже алуды қамтамасыз ететін барынша ашық, айқын, орындалатын етуге ұмтылады. Қоғам қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;
- 8) тиісті сақтық - Қоғам іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;
- 9) мониторинг және бақылау - Қоғам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторингті жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;
- 10) өзара іс-әрекет және үйлестіру - Қоғам мемлекеттік органдармен және Қоғамның қауымдасқан/үшінші тұлғаларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы өзара іс-әрекетті және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет үдерісінде іс-әрекетті үйлестіруді қамтамасыз етеді.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.6 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

## **6. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер**


11. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ осылармен шектелмейді):

- 1) егер бұл әрекеттер оның қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса, лауазымды тұлға жасаған сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе жымқыру;
- 2) лауазымды тұлға жасаған қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату), егер бұл әрекет өзінің қызметтік бабын пайдаланумен байланысты болса;
- 3) лауазымды тұлға жасаған экономикалық контрабанда, егер бұл әрекет оның қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;
- 4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- 5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;
- 6) пара алу, пара беру, пара беруге делдалдық жасау;
- 7) қызметтік жалғандық;
- 8) қызметтегі әрекетсіздік;
- 9) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе оның әрекетсіздігі;
- 10) алаяқтық;
- 11) жеке және заңды тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақылар беруі;
- 12) лауазымды тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- 13) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

12. *Қоғам*, оның қауымдасқан, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ *Қоғам* қызметін жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлаған кез келген елдерде осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде *Қоғам* оның қауымдастырылған, лауазымды тұлғаларына және жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама, жеке немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға тыйым салынғанын, сондай-ақ:

- 1) пара ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, яғни кез келген адамды өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамауға итермелеу мақсатында қандай да бір қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылықты қамтамасыз етуге немесе уәде етуге;
- 2) қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін пара талап етуге, алуға немесе алуға келісуге, яғни қандай да бір қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге;
- 3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларға белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін, қолданылып жүрген заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, сыйлықтар ұсынуға, уәде беруге немесе төлеуге;



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.7 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда үшінші тұлғаларға төлемдер ұсынуға, уәде беруге немесе төлеуге;

5) жеке пайда алып, оның орнына *Қоғамда* жұмысқа орналастыруды (оның ішінде уақытша) ұсынуға, уәде беруге немесе қамтамасыз етуге;

6) қауымдасқан/үшінші тұлғалардан жоғарылатылған, төмендетілген немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе қабылдауға ықпал етуге;

7) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және *Қоғамның* ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлық белгілерін сыйлауға немесе алуға.

13. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің кәсіби қызметінде мынадай мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауға тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын сақтауға;

2) іскерлік қатынастарда адал және парасатты болуға, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген теріс пиғылды тәсілдерінен аулақ болуға;

3) *Қоғамның* беделін түсіретін іс-әрекеттердің жасалуына жол бермеуге;

4) қызметтік жағдайды, құпия және инсайдерлік ақпаратты, *Қоғамның* материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсаттарда пайдаланбауға;

5) заңсыз әрекеттерге немесе олардың заңдылығы мен этикасына күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге;

6) әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениеттің сақталуын талап етуге және оларды қолдауға;

7) кәсіпкерлік қызметті және (немесе) табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда кез келген адамға көмек көрсетуден тартынуға;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеуге және мұндай әрекеттерге ынталандырмауға;


9) мүдделер қақтығысы болған кезде қызметтік міндеттерді орындамауға;

10) *Қоғамның* жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуге;

11) өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқармауға, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысты болмауы тиіс. Осы тармақшаның талаптарын бұзған лауазымды адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған кезден бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, мұндай бағыныстылықты жоққа шығаратын лауазымдарға ауыстырылуға жатады, ал егер ауыстыру мүмкін болмаса, олардың біреуі. қызметкерлер лауазымынан босатылуға немесе басқару функцияларынан өзге де босатылуға.

13-1. Қызметке тағайындау туралы акт шығарылғанға дейін кандидаттар мен олардың жұбайлары декларация тапсырылған айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша активтер мен міндеттемелері туралы декларацияны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген нысанда және тәртіппен ұсынуға міндетті. Лауазымды тұлғалар мен олардың жұбайлары табыстары мен мүлкі туралы



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.8 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы СЯЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

декларацияны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген нысанда, тәртіпте және мерзімдерде табыс етеді. Есепті күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған мүлікті сатып алған жағдайда, лауазымды тұлғалар мен олардың жұбайлары табыстары мен мүлкі туралы декларацияда аталған мүлікті сатып алу бойынша шығыстарды жабу көздері туралы мәліметтерді көрсетеді. Қоғамның персоналды басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесі есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей лауазымды тұлғалардың және олардың жұбайларының (зайыбтарының) декларацияларында көрсетілген мәліметтерді *Қоғамның* корпоративтік интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етеді. Жарияланатын ақпараттың тізбесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

14. *Қоғамның* жұмыскерлері міндетті:

- 1) *Қоғамның* мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;
- 2) басқалар *Қоғамның* мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға дайын болу немесе оны жасауға қатысу ретінде түсінуі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;
- 3) тікелей басшыға қызметкерден туындайтын немесе туындайтын мүдделер қақтығысының мүмкіндігі туралы хабарлауға. Егер өз әрекеттерінің дұрыстығына немесе басқа да мінез-құлық нормаларына қатысты қандай да бір күмән туындаса, *Қоғамның* лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері *Қоғамның* сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметкеріне хабарласа алады.


## **7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі шаралар кешені**

15. *Қоғам* қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Бұл аймақтар мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) сыйлықтар мен өкілдік шығыстар;
- 2) саяси қызметке қатысу;
- 3) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға тенестірілген тұлғаларға, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларға төлемдер;
- 4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- 5) *Қоғамның* инвестициялық қызметі шеңберінде активтерді сатып алу және иеліктен шығару бойынша мәмілелер жасау, қосылу және жұту және басқа да мәмілелер;
- 6) персоналды басқару.

### **7.1 Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдер жасау**

16. *Қоғам* Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы *Саясаттың* қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе *Қоғамның* іскерлік

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.9 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

беделін жоғалту қаупін тудыратын үшінші тұлғаларды тартудан және серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан аулақ болады.

17. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу туралы шешім қабылдағанға дейін *Қоғамның* үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған тиісті құрылымдық бөлімшелері:

1) мемлекеттік сатып алу саласындағы *Қоғамның* тиісті ішкі құжаттарында белгіленген рәсімдерді сақтауға;

2) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне келесі рәсімдерді (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей) орындау арқылы үшінші тұлғалар мен бірлескен кәсіпорын серіктестеріне мониторинг жүргізуге:

- өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің болуын, осы *Саясаттың* талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайындығын тексеру;

- іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының жоқтығын тексеру;

- тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және т.б.) сұрау салу жолымен жалған кәсіпкерліктің бар-жоғын, сенімділігін, салық және өзге де берешектерінің бар-жоғын, ақша қаражатының қайнар көзін, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған қаражат жөнелтіліп жатқан банкті, юрисдикцияны тексеру.

## 7.2 Сыйлықтар мен қонақжайлылық

18. *Қоғам* іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығындарды, оның ішінде іскерлік тәжірибенің жалпы қабылданған бөлігімен қажет болатын іскерлік қонақжайлылықты жүзеге асыруды мойындайды. *Қоғам* іскерлік сыйлықтар мен қонақжайлық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын қолдайды.

19. Іскерлік сыйлықтармен және өкілдік шығындарымен алмасу, оның ішінде *Қоғамның* үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылығы келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі керек:


1) өкілдік шығыстар мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына, *Қоғамның* ішкі құжаттарына толық сәйкес болуы;

2) дәлелді, мөлшерлі болу, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақша, бағалы қағаздар, бағалы металдар болмауы және басқа да түрлер немесе ақшалай қаражаттардың баламалары болмауы және сәнді бұйым болмауы;

3) қызмет, әрекет, әрекетсіздік, келісім, қамқорлық, құқық беру, мәміле бойынша белгілі бір шешім қабылдау, келісім, лицензия, рұқсат және т.б. үшін жасырын сыйлық болмауы, немесе кез келген басқа заңсыз немесе әдепсіз мақсаттар үшін алушыға ықпал ету әрекеті болмауы;

4) *Қоғамның*, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің іскерлік беделін жоғалтуға әкеп соғатын тәуекелді тудырмауы.



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.10 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

20. Қоғам жүргізетін сатып алулардың кез келген ықтимал қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлықтың немесе іс-шараның осы Саясаттың талаптарына сәйкестігіне күмән туындаса, Қоғамның лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері Қоғамның тікелей басшысымен немесе комплаенс жөніндегі қызметкерімен кенесуі керек .


21. Егер мұндай әрекеттер лауазымды тұлғаның лауазымдық өкілеттіктеріне жататын болса немесе қызметтік жағдайы бойынша мұндай әрекетке (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса лауазымды адам және оның отбасы мүшелері, оларды жасаған адамдардың пайдасынан жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, қызметтер алуға құқығы жоқ. Лауазымды тұлғаның және (немесе) оның отбасы мүшелерінің шоттарына өздері білмей келіп түскен ақшалай қаражат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып алған ақша қаражатын олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде - тиісті уәкілетті мемлекеттік кірістер органдарына мән-жайлар туралы түсініктеме бере отырып, республикалық бюджетке аударылуы қажет. Лауазымды тұлға және (немесе) оның отбасы мүшелері білмей алынған, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып алған сыйлықтар, сыйлықты алған күннен бастап немесе лауазымды тұлға сыйлық алғаны белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз беруге керек, ал сол мән-жайларда лауазымды тұлғаға көрсетілген қызмет үшін лауазымды тұлғаға қызмет көрсетілген күннен бастап немесе қызмет көрсетілгені туралы белгілі болған күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде ақша республикалық бюджетке аудару арқылы төленуге тиіс. Сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өкізген лауазымды тұлға жоғары тұрған лауазымды тұлғаны хабардар ете отырып, оны «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құн бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалған сатып алу-сату шартының негізінде сатып алуға құқылы.

### 7.3 Саяси қызметке қатысу

22. Қоғам мемлекеттік лауазымды тұлғалардың немесе басқа тұлғалардың Қоғамның қызметін сақтауға немесе кеңейтуге әсер ететін шешімдерді қабылдауына ықпал ету мақсатында немесе егер мұндай қатысу Қоғамның мүдделерін қорғауға бағытталған әрекет ретінде қабылданатын болса тікелей немесе жанама саяси қызметке қатыспайды.

23. Қоғам өз қызметінде артықшылық алу немесе қолдау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді дербес немесе өзінің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері арқылы қаржыландырмайды.

24. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылған қоғамдық бірлестіктерге, олардың

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.11 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

қызметі сондай-ақ мақсаты *Қоғам* үшін жеңілдіктер алу немесе қолдау болып табылмайтын халықаралық қоғамдық бірлестіктерге қатысуға құқылы.

25. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне өз қызметінде қоғамдық бірлестіктерге қатысу кезінде *Қоғам* үшін артықшылық алу немесе қолдау мақсатында *Қоғам* атынан ұсынуға, беруге, уәде беруге немесе төлем жасауға, мүлік салуға, сыйлықтар беруге және т.б. тыйым салынады.

26. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері қоғамдық бірлестіктерге қатысу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

#### **7.4 Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларға төлемдер**

27. *Қоғам* үшін артықшылықтар алу немесе олардың *Қоғам* есебінен басқа да жеңілдіктер алуы үшін жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларға, олардың жақын туыстарына *Қоғам* өз бетінше немесе қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары арқылы оларға шығындарды, оның ішінде көлік, тұрғын, тамақтану, ойын-сауық, PR кампаниялары және т.б. шығындарын қоса алғанда төлемейді.

28. Ақпараты мен көлемі жалпыға қолжетімді мемлекеттік қызметтер үшін ресми алымдарды қоспағанда, *Қоғам* тікелей немесе өз агенттері арқылы сыйақы төлемейді.

29. Мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде *Қоғамның* лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапкершілікте болады.

#### **7.5 Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету**


30. *Қоғамның* қайырымдылық (демеушілік) көмегін көрсетуі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жағдайларды қоспағанда, қайырымдылық (демеушілік) көмегін көрсетуге құқығы жоқ.

31. *Қоғам*, лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

#### **7.6 Персоналды басқару**

32. *Қоғам* кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық принциптерін ұстанады. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, бағалау, жоғарылату



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.12 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

және жұмыстан босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында  
*Қоғам:*

- 1) кадрларды іріктеу мен іріктеудің ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;
- 2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмысқа орналасатын кандидаттарды олардың сенімділігіне және мүдделер қақтығысының болмауын тексереді;
- 3) оның қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тиімділігі мен кәсіби жетістіктері негізінде персоналдың қызметін бағалайды және сыйақы төлейді;
- 4) жұмыскердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін ескере отырып, жоғары лауазымға көтеру туралы шешім қабылдайды;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және *Қоғамның* ішкі құжаттарында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын тоқтату тәртібін жүзеге асырады.

33. *Қоғамға* жұмысқа қабылдау немесе онымен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде лауазымды тұлғалар осы Саясаттың 2-қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім түріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды, олар *Қоғамның* кадрлық және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде жазбаша түрде ресімделеді.


34. Қоғамның лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы қызметке қабылдаудан бас тартуға немесе қызметтен босатуға әкеп соғады, оларды орындамау қылмыстық жазаланатын іс-әрекет пен әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда өкілеттіктерін тоқтатуға негіз болады.

34-1. Қоғамға жұмысқа орналасу кезінде кандидаттар осы Саясаттың 6-бөлімінің 13-1-тармағында көзделген декларацияны, сондай-ақ *Қоғамда* жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайлары және (немесе) жекжаттары туралы мәліметтерді ұсынады. Кандидаттардың мүлкі мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынбауы не мұндай декларацияларда толық емес, жалған мәліметтерді ұсынуы, егер әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, оларды тағайындау туралы актіні беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

#### **7.7 Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу**

35. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады. *Қоғам*, мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді жүзеге асырудың алдын алуға және оларды реттеуге үлкен көңіл бөледі.

36. *Қоғамның* лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде *Қоғамның* мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері *Қоғамның* мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды немесе жағдайаттарды болдырмауға тиіс. Мүдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайында *Қоғамның* лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері бұл

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.13 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

ақпаратты жазбаша түрде *Қоғамның* тікелей басшысына немесе комплаенс жөніндегі қызметкеріне жеткізуге міндетті.

37. Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Президенті лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде «АҮДҰИ» КЕАҚ-дағы мүдделер қақтығысын алдын алу және реттеу саясатына» сәйкес дер кезінде тиісті ден қойып алдын алу шараларын қабылдауға міндетті.

### 7.8 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау

38. *Қоғам* жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, бағалайды және оларды азайту бойынша шараларды әзірлейді.

39. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаудың және бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне жататын *Қоғамның* қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау және *Қоғамның* лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жеке пайда үшін де және оның Қоғамға пайда алу мақсатында да жасау мүмкіндігі жоғары жерлерді анықтау болып табылады.


40. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізінде жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мынадай шараларды қамтиды, бірақ тек олармен шектелмейді:

- 1) *Қоғамның* негізгі ішкі құжаттарында және келісуге ұсынылған олардың жобаларында сыбайлас жемқорлық көріністерінің (сыбайлас жемқорлық факторларының) себептері мен жағдайларын жасауға ықпал ететін ережелердің болуына сәйкестік комплаенс-сараптамасын жүргізу және оларды жою бойынша ұсыныстарды пысықтау;
- 2) *Қоғамның* қызметіне ықпал ететін өзіндегі ішкі құжаттарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгерген талаптарына жедел сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, сондай-ақ шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына мониторинг жүргізу;
- 3) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің статистикасын зерделеу;
- 4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға мониторинг жүргізу.

41. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың объектісі *Қоғамның* құрылымдық бөлімшесінің қызметі болып табылады және мыналарды қамтиды:

- 1) іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау ықтималдығы жоғары процесстің «сыни нүктелерін» анықтау;
- 2) сыбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасы, оларда:



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.14 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

- Қоғам немесе оның жекелеген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде алуға болатын пайданың немесе артықшылықтың сипаттамасы;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін «негізгі» болып табылатын Қоғамдағы лауазымдар;

- сыбайлас төлемдердің ықтимал нысандары;

3) ішкі бақылау рәсімдерінің бар немесе жоқтығын анықтау, қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

42. Кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелдерге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданады және әрбір нақты жағдайда Қоғам ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша шараларды әзірлейді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау, оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

### **7.9 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

43. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлейді, оның мақсаты қызметтің жекелеген саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін құру болып табылады. Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар ескеріледі.

44. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеудің мақсаттары:

1) Қоғамда жұмыс істейтін адамдар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарларының алдын алу.


45. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тәрбиелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

46. Қоғам қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, осы Саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы басқа да ішкі құжаттардың нормаларымен және қағидаттарымен ақпараттандырады, оның ішінде Қоғам қызметкерлерін оқыту мен тестілеуден өткізу мен түсіндіру бойынша шаралар қабылдайды.

47. Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді қалыптастыруға өзінің барлық қызметкерлерінің белсенді қатысуын құптайды.

### **7.10 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау**

48. Қоғамда Қоғамның лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы қандай да бір дәлелдер болса, бұл

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.15 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

туралы ақпарат *Қоғамның* корпоративтік веб-сайтында орналастырылған «жедел желіге» немесе тікелей немесе жоғары тұрған басшыға және (немесе) *Қоғамдағы* комплаенс қызметкеріне дереу хабарлауы керек.

### 7.11 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша қызметтік тергеулер

49. *Қоғамдағы* сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша ақылға қонымды мерзімде *Қоғамның* тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тексеру немесе қызметтік тергеу жүргізіледі.

50. Қызметтік тергеу нәтижесінде сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, тергеудің аяқталуы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатына негізделген түзету шараларын жасап және де керек болған жағдайда еңбек қатынастарын тоқтату мен материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға өткізу, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіру болып саналады.

### 7.12 Өзара ынтымақтастық

51. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қауымдасқан және үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас жасағанда төмендегідей мақсаттарды көздейді:

- 1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар туралы хабардар болуды;
- 2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарды тергеуге жәрдемдесуді;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша *Қоғам* қызметін тексеру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу кезінде үйлестіруді;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұраныстары бойынша түсініктеме беруді/кеңестерге (мәжілістерге) қатысуды.


## 8. Жауапкершілік

52. *Қоғамның* лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікті мойнына алады.

53. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған *Қоғамның* лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері, Қазақстан Республикасы сотының күшіне енген шешімін қоспағанда, *Қоғамға* келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

54. Осы Саясат талаптарының орындалуына жауапкершілікті өз құзыреті шегінде *Қоғамның* лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері және құрылымдық бөлімшелері көтереді.




«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.16 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы СЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

55. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы *Саясатқа 2-қосымшада* көзделген нысаны бойынша өздерінің осы *Саясатты* адал орындауға міндетті екенін растауға міндетті.

56. Қоғамның лауазымды тұлғалары қарамағындағы жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу бойынша қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

57. Қоғамның персоналды басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесі лауазымды тұлғалардың осы *Саясатта* көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді жазбаша түрде бекітуіне жауапты.

58. Лауазымды тұлғалар табысы мен мүлкі туралы декларацияны ұсынбағаны үшін не мұндай декларацияда толық емес, жалған мәліметтерді ұсынғаны үшін, егер іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын қылмыс белгілері болмаса, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес жауапты болады.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.17 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы САЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына  
*1 -қосымша*

*Осы нысанды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және «АУДҰИ» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын адал орындауға және қатаң сақтауға міндеттенетінізді растау үшін пайдаланыңыз. Толтырылған және қол қойылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім парағы Қоғамда еңбек және/немесе қызметтік міндеттерін орындаған сәттен бастап Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке ісінде сақталады.*

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім


Мен, \_\_\_\_\_,  
(тегі Аты Әкесінің аты)  
\_\_\_\_\_  
(лауазымы)

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын «АУДҰИ» КЕАҚ-да өз өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге жол бермеу мақсатында, мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мынадай шектеулерді қабылдаймын:

- 1) өз функцияларын орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) менің және менің отбасым мүшелерінің оларды жасаған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақылар, сыйлықтар немесе қызметтер алу, егер мұндай әрекеттер менің лауазымдық өкілеттігіме жататын болса немесе мен өзімнің лауазымдық жағдайым бойынша мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етеді.
- 5) Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (депозиттер) ашу және ұстау, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау.

\_\_\_\_\_ ( қолы . аты-жөні, лауазымы)



«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»	Стр.18 из 18
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы СЯСАТ		ПОЛИТИКА противодействия коррупции	

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына  
2 -қосымша

*Осы нысанды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және «АУДҰИ» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын адал орындауға және қатаң сақтауға міндеттенетініңізді растау үшін пайдаланыңыз. Толтырылған және қол қойылған растау парағы Қоғамда еңбек және/немесе қызметтік міндеттерін орындаған сәттен бастап Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.*

## РАСТАУ

Сәйкес ұяшықтарды белгілеңіз:

- «АУДҰИ» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты оқығанымды растаймын;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында белгіленген талаптарды, «АУДҰИ» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қатаң сақтауға міндеттенемін;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «АУДҰИ» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуым, оның ішінде атқаратын қызметімнен босатылуым мүмкін екені туралы хабардармын.

---

( колы , аты-жөні, лауазымы)